

Ертіс ауданы Қаракұдық ауылдық округінің Кеңес ауылына шектеулі шараларды қою туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы N 87/1 қаулысы. Павлодар облысы Ертіс ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 15 наурызда N 12-7-117 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 14 сәуірдегі N 175/2 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011.04.14 N 175/2 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің агроөндіріс кешеніндегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Ертіс аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - ҚР АШМ АӨК МИК ЕААИ) бас мемлекеттік ветеринарлы-санитарлық инспекторының 2011 жылғы 25 қаңтардағы ұсынысына сәйкес, жануарлардың құтыруының алдын алу мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ертіс ауданы Қаракұдық ауылдық округінің Кеңес ауылына жануарлардың құтыруы бойынша шектеулі шаралар қойылсын.

2. Ертіс ауданы Қаракұдық ауылдық округінің Кеңес ауылына жануарлардың құтыруының алдын алу және жою бойынша Кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. ҚР АШМ АӨК МИК ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау Министрлігі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті Ертіс ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ҚР ДСМ МСЭҚК Павлодар облысы бойынша департаменті Ертіс ауданы бойынша МСЭҚБ) (келісім бойынша) Кешенді жоспарға сәйкес жануарлардың құтыруының алдын алу бойынша шаралардың өткізілуі ұ с ы н ы л с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау ҚР АШМ АӨК МИК ЕААИ (

Қ.С.Қозыбаев) (келісім бойынша) және ҚР ДСМ МСЭҚК Павлодар облысы бойынша департаменті Ертіс ауданы бойынша МСЭҚБ ММ (З.Б.Дүйсембина) (келісім бойынша) жүктелсін.

Аудан әкімі

В. Левченко

Келісілді

ҚР АШМ АӨК МИК ЕААИ бастығы

Қ. Қозыбаев

28 ақпан 2011 жыл

Келісілді

ҚР ДСМ МСЭҚК Павлодар облысы
бойынша департаменті Ертіс ауданы
бойынша МСЭҚБ ММ бастығы
28 ақпан 2011 жыл
З. Дүйсембина

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы
28 ақпандағы N 87/1 қаулысына
қосымша

**Ертіс ауданы Қарақудық ауылдық округінің Кеңес
ауылына жануарлардың құтыруының алдын алу және
жою бойынша КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

N	Шаралардың атаулары	Орындаушылар	Мерзімі	Бақылау
1	2	3	4	5
1. Жағдайы нашар пунктердегі шаралар				
1	Кеңес ауылының аймағына құтыруды енгізуін алдын алу және жою бойынша шараларды орындау және бақылау	Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі	Үнемі	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі
2	Кеңес ауыл аймағынан және осы аймаққа малдар үшін азық, сондай-ақ малдан шыққан шикізат пен тағамдардың а/ш малдарының шығуымен енгізуіне тыйым салу	Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі	Шектеу салған мерзімінде	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі
3	Кеңес ауылының клиникалық тексерісін күнделікті өткізу Ауру малдарды жедел түрде оқшаулап, жағу әдісімен жою	Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі	Шектеу салған мерзімінде	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі
4	Клиникалық сау малдарды нұсқауларға сәйкес құтырғандыққа қарсы вакцинасымен екпе жасалсын. Екпе жасалған малдарға бақылау белгіленсін	Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі	Шектеу салған мерзімінде	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі
		Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің		

5	Нұсқауға сәйкес жағдайы жоқ аймақта және ошақта дезинфекциялық шараларды іске асыру	ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі	Шектеу салған мерзімінде	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі
6	Ауылдық округ әкімдігі, аудан МСЭҚБ және барлық қызметтер арасында ақпаратпен уақытында ауысу	Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі	Үнемі	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі
7	Ауыл аймағында қаңғырған ит пен мысықтарды ұстап жою және дала аңдарын ату бойынша шаралар қабылдау	Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы	Үнемі	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі

2. Адамдардың денсаулығын қорғау

1	2	3	4	5
8	Адамдарды құтырғандықтан қорғау және алдын алу бойынша шаралар өткізу	Ауылдық округ әкімдігі, Ертіс ауданының МСЭҚБ ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі	Үнемі	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі
9	Қызмет көрсетуші персоналды арнайы киіммен қамтамасыз ету	ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы	Үнемі	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі Ертіс ауданының МСЭҚБ
10	Мал союды тек қана ветеринар маманының рұқсатымен және келесі ветеринарлы–санитарлық сараптамасының өткізуімен ғана іске асыру	Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі	Үнемі	ҚР АШМ ЕААИ ветеринарлы-санитарлық бөлімі
11	Құтырғандықты алдын алу бойынша білімді насихаттау	Ертіс ауданының МСЭҚБ Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі	Үнемі	Ертіс ауданының МСЭҚБ Ауылдық округ әкімдігі, ауылдық округ әкімдігінің ветеринарлық маманы, аудан әкімдігінің ветеринария бөлімі

МСЭҚБ – мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы ҚР АШМ ЕААИ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ертіс аудандық Аймақтық инспекциясы

